

«СҚО әкімдігінің
білім басқармасы» КММ «Тимирязев ауданының
білім бөлімі» КММ «Тимирязев жалпы
білім беретін қазақ мектеп-интернаты» КММ

02.10.2024 ж. Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: мектеп директоры: Даирова Р.Б
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Султанова Г.Т.
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Байғужинов С.К
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері- 8 адам

Жиналыс мақсаты: Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау,
қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. Қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау.
3. Кеңестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну
5. 2023-2024 оқу жылының негізгі қорытындылары

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Султанова Г.Т. қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің мақсаты: Білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық –техникалық базасының нығайуына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс – шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты. Жалпы ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланған болатын, Кеңес құрамына жергілікті атқарушы және құқық қорғау өкілдері, комерциялық емес ұйымдардың өкілдері, ата-аналар комитеті ұсынған әр сынып ата-аналары, қайырымдылық жасаушы (спонсорлар) бар екендігін өтті. Бүгінгі жиналыстың мақсаты қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау екендігін айтты.

Сөйледі : Байгужинов Саят Көшербаевич (ата-аналар комитетінің төрағасы) қамқоршылық кеңестің мүшелігіне мектеппен үнемі тығыз байланыс жасайтын, жауапкершілігі бар, бос уақыты бар ата-аналар керек екендігі айтылды. Кеңестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеуді ұсынды.

Сөйледі : Тәрбие ісінің орынбасары сынып ата-аналар комитетінің мүшелерінің ішінен алуды ұсыныс жасады. Кеңес мүшелері келісетіндіктерін білдірді.

Сөйледі: Мектеп директоры Даирова Р.Б 2023-2024 оқу жылының негізгі қорытындыларын айтып өтті. Кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып , осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, спонсрлардың мектептің материалдық базасының нығайуына өз үлестерінің қосатынына сенім білдірді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Султанова Г.Т. оқушыларға материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында рейд жүргізілгенін айтты.. Ең бірінші аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға барып, қай бала неге мұқтаж екендігін бақылап, содан кейін басқа да үйлерге барып тұрмыстық акт құрылды. Оңтүстік өңірден келген бірнеше отбасының балаларына көмек қажет екені анықталғаны айтылды.Мектеп әлеуметтік ұстазы Карменхан Дина екінші мәселе бойынша сөз сөйледі. «Мектепке жол» акциясы аз қамтылған және көп балалы отбасылардың оқушыларына көмек көрсетуге және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алуға бағытталған және де басқа да көмектер көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында "Мектепке жол" жыл сайынғы дәстүрлі акциясы жүргізіліп жатқанын, соған байланысты өткізіліп жатқан іс-шараларға тоқталды.

Шешім :

- 1.Қамқоршылық кеңесінің жаңа мүшелері өз жұмыстарына кіріссін.
- 2.Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын .
- 3.Мектептің материалдық базасының нығайуына үлес қосу,оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін .
4. Әлеуметтік жағдайы төмен және аз қамтылған оқушылармен жұмыс жасалсын.
5. «Мектепке жол» акциясы барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі жүйеленіп,әрі қарай жалғастырылсын.Қамқорлық кеңес мүшелері тарапынан акцияға жеке қожалық басшыларын тарту қарастырылсын.

Хатшы:  Султанова Г.Т.